

«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ПАРТИЯСЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС
ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ



НАРОДНО -
ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ
ПАРТИЯ «НУР ОТАН»

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ
ПО БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ

010000, Астана, қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1,
т.: (8-717-2) 55-55-61, т/ф.: (8-717-2) 70-76-33
E-mail: office@otan.kz, Web: www.otan.kz

010000, г. Астана, ул. Д.Кунаева, 12/1.,
т.: (8-717-2) 55-55-61, т/ф.: (8-717-2) 70-76-33
E-mail: office@otan.kz, Web: www.otan.kz

“ 22 сәуір 2011ж.

№ 1-12

“ 22” апреля 2011г.

**«Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі
республикалық қоғамдық кеңестің
ҚАУЛЫСЫ**

*Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрлігінде
жемқорлыққа қарсы әрекет ету
жұмысының жағдайы туралы*

Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.С. Дүйсембаевтың және Республикалық қоғамдық кеңестің мүшесі – Сараптама комиссиясының басшысы С.Б. Тоқпақбаевтың Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде жемқорлыққа қарсы әрекет ету жұмысын ұйымдастыру туралы ақпараттарын тындап және талқылап, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес Министрлікте бақылау қызметтері мен қызметтер көрсетуді құқықтық регламенттеу жұмысы жүргізіліп жатқанын және бұл іс жемқорлық әрекеттерін жасауға қолайлы жағдайларды азайтуға ықпал етіп отырғанын атап өтеді.

Жемқорлықпен күрес бойынша 2006 -2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды. Жемқорлық әрекеттердің алдын алу мақсатында Министрліктің WEB-сайтында «Көлік саласындағы жемқорлық – тосқауыл» айдары ашылып, онда Министрліктің осы бағыттағы қызметі туралы ақпарат жайғастырылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі №793 «Қазақстанда қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін бөлімшелер мен ұйымдардың басшыларына жемқорлыққа қарсы әрекет ету ісіне дербес жауапкершілік белгілене отырып, жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөнінде тікелей міндет жүктелді.

Азаматтармен және ұйымдармен өзара әрекет етуді күшейту үшін «Биліктегі әділдік – елдегі тәртіп» қозғалысы ұйымдастырылды. «Мемлекеттік

бағдарламалардың орындалуына азаматтық бақылау», «Кезек – бұл жемқорлық» акциялары ұйымдастырылды.

Алайда, қолданылып отырған шараларға қарамастан, соңғы екі жылда көлік-коммуникация саласында басқа мемлекеттік органдар айқындаған жемқорлық көріністері айтарлықтай өскені байқалады.

Құқықтық статистика мәліметтері бойынша Министрлік қызметкерлері 2010 жылы жемқорлық сипатта 21 қылмыс (2009 жылы - 12), олардың 90 пайызын Көліктік бақылау комитетінің қызметкерлері жасаған. Жемқорлық қылмыс 40 пайыздан астам өскен. Республиканың 39 мемлекеттік органының ішінде Министрлік жемқорлық қылмыстардың саны бойынша 8-орында.

Министрліктің ішкі құжаттарында Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған Жарлығының талаптары көрсетілгеніне қарамастан, жасалған жемқорлық қылмыс үшін басшылардың дербес жауапкершілігі бойынша ықпал ету шаралары қолданылған жоқ.

Жемқорлық қылмыстарының айтарлықтай өсімі, Министрліктің жемқорлықты азайту қызметінің тиімсіздігі, көп жағдайда, көліктік-коммуникациялық саясатты іске асыру ісіндегі жүйелі түрде кездесетін ұйымдастырушылық кемшіліктерге байланысты. Саладағы құқықтық қатынастар пысықтала отырып құқықтық регламенттелмеуі және кәсіпқойлықтың нашарлығы кәсіпкерлерді өздерінің экономикалық қызметтерін құқықтық алаңнан тыс жүргізуге итермелейді. Бұл жасырын экономиканың дамуына, сәйкесінше жемқорлық әрекеттерге кең алғышарттар жасап отыр. Осының бәрі отандық тасымалдаушылардың бәскеге қабілетін төмендетеді.

Көліктік инспекцияны мемлекеттік шекарада бақылау жасаушы органдар қатарынан шығару туралы заң қабылданғаннан кейін Көліктік бақылау комитеті қызметкерлерінің арасында бірден жемқорлық етек алған. Бұл қызметтер кеден органдарына берілді, ал көлік инспекциялары бұрынғыдай стационарлық бекеттерде ғана емес, көшпелі бекеттерде де бақылау жүргізе бастады.

Көліктік бақылау қызметтерін тапсыру мемлекеттің шекарада жүкті және жолаушыларды тасымалдау ережелерінің сақталуын бақылау қызметін айтарлықтай әлсіретті. Көліктік заңнаманы бұзудың артуы осыны дәлелдейді және ол көліктік инспекция қызметкерлерінің арасында жемқорлықтың айтарлықтай өсуіне әкеп соқты.

Халықаралық автомобильдік тасымалдаулар барысында рұқсат ету құжаттарын беруді құқықтық регламенттеудің кемшіліктері жемқорлық әрекеттер жасауға жағдай жасауда және ұлттық тасымалдаушылар тарапынан айтарлықтай наразылықтар тудыруда. Халықаралық автомобильдік тасымалдаулар барысында рұқсат беру жүйесін қолдану ережесінде аймақтар арасында және тасымалдаушылар арасында тапшы шетелдік рұқсаттарды үлестіру тәртібі туралы нақты ереже жоқ. Кәсіпкерлердің мәлімдеуі бойынша, шекарада бұл рұқсат беру бланкілерімен алыпсатарлық фактілеріне әкеп соққан.

Прокурорлық тексерулер барысында көліктік инспекциялардың лауазымды тұлғалары шаруашылық етуші субъектілерде тексерістер жүргізу барысында жемқорлық құқық бұзу әрекеттерін жасағаны айқындалды.

Заңсыз жолаушылық және жүк тасымалдаулары кеңінен таралған. Елдің барлық ірі елді мекендерінде жолаушылар тасымалдау заңсыз, салық төленбей жүргізілді. Жолаушылар мен жүкті таксимен тасымалдайтын кәсіпкерлермен өткен кездесулер таксистердің 70 пайызы заңсыз қызмет көрсететінін көрсетті, өйткені мұндай кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану үшін заңда қарастырылған үлкен рұқсат беру жүйесі іс жүзінде жеке тұлғалар мен шағын бизнес субъектілерін мұдай қызмет түрімен айналысу мүмкіндіктерінен айырған.

Жол полициясы мен санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келіспеушіліктің болуынан мемлекеттік қызмет көрсету бойынша көліктік бақылау қызметі қиындай түсіп, бұл көлік құралдарының тұрып қалуы мен тасымалдаушының жоспардан тыс шығынына әкеп соғуда.

Көліктік қатынас жолдары комитетінің жұмысына жасалған талдау көліктік қатынас жолдары қызметін ұйымдастыру жүйесінде жемқорлық әрекеттерге жағдай жасайтын шешімін таппаған бірқатар маңызды мәселелер бар екенін айқындады.

Комитеттің Автомобильдік көлік басқармасы «Автомобильдік көлік туралы» Заңын бұза отырып, жолаушылар мен жүкті халықаралық және облыстардағы қалааралық автомобильдік уақытында болып тұратын тасымалдау бағыттарының реестрін жүргізбеген. «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» РМҚ-ға мемлекеттік бақылау қызметтерін беру жемқорлық әрекеттерге тікелей жағдай жасау болып табылады. Бұған қоса, «Қазақстан Дамыту Банкі» АҚ несиелеу саясатын бірізді жүргізбеуінің нәтижесінде ірі жоба – «Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстікке қарай кеңейтуді» іске асыру кәсіпорынның қарыздық міндеттемелері бойынша дефолт болу тәуекелдігін айтарлықтай күшейте түседі және экономиканың өндіріс секторының мемлекеттік инвестициялық қызметі үшін құрылған Банкінің міндеттеріне сай келмейді.

Мемлекеттік қаржы бақылау органдары соңғы үш жылда Министрлікте жалпы сомасы 54 448 млн. теңге көлемінде қаржылық тәртіп бұзуларды айқындады, оның ішінде 3,7 млрд. теңге бюджетке толтырылып, өтелуі тиіс.

Бақылау жасаушы органдар Министрлікте бюджеттік қаржыны жоспарлау кезеңінде бөлудің кешенді әдісі жоқ екенін атап өтуде. Автомобильдік жолдар комитеті оңтайлы қорытынды беру барысында автожолдар құрылысы немесе жөндеу қажеттігін терең зерделемейді, осының салдарынан бөлінген бюджеттік қаржы тиімсіз қолданылады.

Республикалық бюджеттің және сыртқы займдардың пайдаланылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мәліметтері бойынша Автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысында соңғы екі жылда жалпы сомасы 10,5 млрд. теңге көлемінде бюджеттік қаражатты пайдалану тәртібі бұзылған. Бөлінген қаражатты қымқыруға бағытталған жемқорлық желілер «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі құрылысын іске асыруды қиындатып отыр.

Жергілікті атқарушы органдар автожолдар құрылысы немесе оларды кеңейту жөніндегі мемлекет шешімдері туралы ақпаратты пайдалана отырып, қиянатшылықты жиі жасайды – автожол саласындағы жобаларды іске асыру

үшін қажетті жер телімдерін мемлекеттік кадастрлық баға бойынша сатады. Нәтижесінде осы жер телімдері мүлік иелерінен нарықтық бағамен сатып алынған. Мұның салдарынан республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылатын жобалар қымбатқа түсіп отыр.

Азаматтық авиация комитетінің (ААК) қызметіне жасалған талдау тұтастай сала үшін жағымсыз экономикалық салдарға әкеп соққан және жемқорлық әрекеттер жасауға қолайлы жағдайлар жасаған бірқатар ұйымдастырушылық жүйелі кемшіліктерді айқындады. Бұған дейін қадағалау органдары жүргізген тексерістер де саланың дамуына кедергі келтіруші тәртіп бұзушылықтарды айқындаған болатын, алайда ААК-дағы істің жағдайы өзгере қойған жоқ.

Тасымалдаушылар мен мемлекет жаңа авиациялық техника сатып алуға айтарлықтай қаржы ресурстарын жұмсауда, инфрақұрылымы озық, осы заманғы әуежайлар салынууда, ұлттық ұшқыштардың мүддесіне нұқсан келтіріле отырып шетелдік білікті ұшқыштар құрамы шақырылуда, алайда Азаматтық авиация комитетінің өзіне жүктелген қызметтерін орындамауының нәтижесінде отандық әуетасымалдаушылары Еуропаға тиімді коммерциялық рейстер жасай алмай отыр, нарықты шетелдік әуекомпанияларына беруге мәжбүр.

Есеп комитеті бақылау жүргізу барысында «Қазаэронавигация» РМК-да жалпы сомасы 34,5 млн. теңге көлемінде тәртіп бұзушылық айқындалған. РМК-ның әкімшілік шығындар құрылымында еңбек төлемдері бойынша шығындар басым, жалпы шығындар сомасының 43 пайызын құрайды.

Жемқорлықпен күрес қызметіндегі әлсіз буын мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы сақтау болып отыр. Қаржылық бақылау органдары тексеріс жүргізу барысында Министрлікте мемлекеттік сатып алулар туралы заңнама 36,8 млрд. теңге сомасында бұзылғаны анықталды.

Жоғарыда мазмұндалғандар негізінде «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.С. Дүйсембаевтың ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігінде жемқорлыққа қарсы әрекет ету жұмысы жеткіліксіз деп танылсын.

3. Партия мүшесі – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрі Б.С. Қамалиев бір ай мерзімде бағынышты қызметкерлері жемқорлық қылмыс жасаған Министрлік бөлімдері мен ведомстволар басшыларының дербес жауапкершілігін қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында көліктік бақылау қызметтерін кедендік қызмет органдарына берудің және көшпелі көліктік бақылау бекеттерін енгізудің ұйымдастыру, құқықтық және экономикалық тиімділігіне талдау жасау; талдаудың нәтижесі бойынша аталған қызметтердің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге тиісті түзетулер енгізу;

2) аталмыш кәсіпкерлік қызметті заңдастыруға ынталандыру жағдайын жасай отырып, жүкті және жолаушыларды таксимен тасымалдау қызметін регламенттеудің қолайлы құқықтық жүйесін әзірлеу.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) ұсынылсын:

1) қоғам қайраткерлерін, бизнес-қоғамдастықтары, азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тарта отырып, Министрлікте жемқорлықпен күрес бойынша азаматтық қоғамның жемқорлыққа қарсы инфрақұрылымын қалыптастыру мәселесін қарау;

2) Министрліктің, Комитеттер мен аумақтық бөлімшелер басшылығының «Нұр Отан» ХДП Қоғамдық қабылдау бөлмелерінде азаматтарды қабылдау практикасын жалғастыру;

3) 2011 жылдың 2-тоқсанында жемқорлыққа жағдай жасаушы себептерді зерделеу және жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-шаралар жоспарын әзірлеу, осы жұмыста формализм элементтеріне жол бермеу және қызметкерлер сыбайластығының алдын алуға тырысу;

4) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында насихат жұмыстарын жүргізу;

5) тікелей бағынышты қызметкерлері жасаған жемқорлық қылмыстар үшін Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын лауазымдарынан босату туралы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың талаптарын орындауды қамтасыз ету;

6) бір ай мерзімде Министрліктің, Комитеттер мен аумақтық органдардың басшылығы бұқаралық ақпарат құралдарында жария ете отырып, өз табыстары мен мүлкін ресми мәлімдеу жөніндегі «Өзіңнен баста» акциясына қатысу;

7) 2011 жылғы 1 шілдеге дейін мемлекеттік қызметтерді көрсететін бөлімшелердің қызметін, халық үшін ашықтық пен қол жетімдікті қамтамасыз ете отырып, егжей-тегжейлі құқықтық регламенттеуді қамтамасыз ету;

8) жемқорлық қылмыстардың алдын алу жұмысында ішкі аудит қызметінің рөлін арттыру және қызметтерін кеңейту. облыстар мен тасымалдаушыларға рұқсаттарды үлестірудің нақты ережелерін белгілей отырып, халықаралық автомобилдік тасымалдаулар барысында рұқсат беру құжаттарын беруді құқықтық регламенттеуге айрықша көңіл бөлу. Шетелдік рұқсат беру бланкілеріне берілген өтініштерді өңлеудің электронды жүйесін енгізуді жеделдету;

9) топырақ карьерлерінде жер қойнауын пайдалану және Жоба шегіндегі жол құрылысы үшін жер бөлу құқықтарын рәсімдеу процедурасын жеңілдетуді қайта қарастыра отырып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі жобасын іске асыру барысында тиісті облыстардың әкімдіктерімен өзара әрекеттерді қамтамасыз ету. Партия филиалдарымен бірлесе отырып, осы жобаны тура іске асырар алдында жер учаскелерін жеке

меншікке берген тұлғалардың да жауапкершілігі туралы мәселені принципті түрде көтеру;

10) 2011 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңының талаптарына сәйкес Министрліктің және Комитеттердің бақылау қызметтерін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерін сәйкестеу;

11) жыл бойы тасымалдау қауымдастықтары мен одақтарының өкілдерін тарта отырып, автомобилдік, теңіз, ішкі су жолдары қатынастары мен авиатасымалдау қызметтерін, сондай-ақ автожол құрылысын регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны, олқылықтарды анықтай отырып, қайта қарау және қажетті құқықтық актілерді әзірлеу шараларын қолдану;

12) азаматтық авиация және сауда бойынша теңізде жүзу салаларында тиісті мемлекеттік бақылау жүйесін жасау;

13) тәуелсіз БАҚ-тардың ресми ақпаратқа қол жетімдігін кеңейтудің есебінен Министрліктің лауазымды тұлғаларының шешімдер қабылдауында жариялық пен есептілікті кеңінен қолдану, азаматтық қоғам институттары жүргізіп жатқан жемқорлықпен күрес іс-шараларына атсалысу мен белсенді қатысудың нақты схемасын бір жыл ішінде әзірлеу. Министрлік шенеуніктерінің шешімдеріне шағымданудың ішкі және сыртқы аудитпен қадағаланатын институтын қалыптастыру;

14) БАҚ жарияланымдарын талдау бойынша, жемқорлық фактілері жөніндегі азаматтар өтініштеріне сараптама жасау және осы фактілердің орын алуын тексеру бойынша жүйелі жұмысты нақты ықпал ету шараларын қолдана отырып және қолданылған шаралар жөнінде қоғамды ақпараттандыра отырып, жалғастыру. Министрдің интернет-блогы аясында министрліктің жұмысын жетілдіру бойынша, соның ішінде азаматтар жемқорлықпен күрес бойынша өз ұсыныстары мен ұсынымдарын ортаға сала алатындай етіп айдар ашу;

15) жыл сайын, республикалық маңызы бар жолдардың құрылысы мен жөндеу жұмысы және қайта конструкциялау үшін мемлекеттік сатып алу процедураларын жүргізудің алдында байқаудың әлеуетті қатысушыларының меншігінде талап етіліп отырған техниканың кем дегенде 60 пайызы болуына, жеткілікті жұмыс тәжірибесі мен бұған дейін көрсеткен қызметтерінің сапасы бойынша алдын ала біліктілік іріктеу жүргізу. Республикалық маңызы бар жолдардың құрылысы, жөндеу және қайта конструкциялау жөнінде келісім-шарттар жасау барысында тікелей бас мердігер орындайтын жұмыстың көлемі сатып алынатын жұмыстың жалпы көлемінің 70 пайызынан кем болмауы тиіс. Жасалған жобаны іске асыру барысында айтарлықтай ауытқулар айқындалған жағдайда қабылданған жобалық-техникалық ұсыныстар үшін, соның ішінде жол құрылысы объектісінің құнын белгілеу үшін жобалық ұйымдардың жауапкершілігін қарастыру. Жол саласындағы құрылыс, монтаждау жұмыстары саласындағы лицензиялардың жарамдық мерзімін үш жылға дейін ұзарту мәселесін қарастыру.

Автомобиль жолдарының құрылысы, қайта конструкциялау және жөндеу жұмысы барысында қаражатты жайғастыру жөнінде шешімдер қабылдаудың негізділігін тексеретін ішкі аудит жүйесін бір жыл ішінде құру. Автомобиль

жолдарын пайдалану сапасына ведомстволық бағынышты республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асыратын сыртқы аудиттің рөлін арттыру;

16) ведомстволық бағынышты республикалық мемлекеттік кәсіпорында корпоративтік басқару жүйесінің рөлін арттыру, олардың қызметкерлеріне сыйақыны шаруашылық қызмет тек оң нәтиже бергенде ғана беру;

17) мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру барысында Министрлік қызметкерлерін ынталандыру және мотивация жүйесін, әлеуметтік пакетті өсіру мүмкіндіктері мен еңбек төлемдері икемділігін жетілдіру;

18) кадрлық қызметке жемқорлыққа ықпал етуші себептерді тереңірек зерттеу және жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша жүйелі нақты іс-шараларды әзірлеу, осы жұмыста формализм элементтерін болдырмау. Жемқорлық әрекеттерді айқындауға және болдырмауға бастама жасаушы, сондай-ақ жасалған жемқорлық әрекеттер туралы ақпараттандырушы қызметкерлерді ынталандыру және қорғау шараларын қарастыру;

19) жолаушыларды тасымалдау тиімділігін арттыру бойынша Қостанай облысының жолаушылар көлігі кәсіпорындарының қауымдастығы формасында заңды тұлғаларды бірлестіру ұсынысын бір ай мерзімде қарау.

6. Партия мүшесі – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрі Б.С. Қамалиев осы ұсыныстарды іске асыру туралы 2011 жылдың қорытындылары бойынша «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңеске хабарласын.

7. «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның «Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстікке қарай кеңейту» жобасын қаржыландыруы бойынша бұған дейін белгіленген несиелеу шарттарын сақтау мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне көліктік-коммуникациялық салада жұмыс істейтін кәсіпкерлер қызметін шектейтін және жемқорлық қуыстары бар заңнама кемшіліктері мен қарама-қайшылықтарды жою үшін 2011 жылдың екінші тоқсанында Көлік және коммуникациялар министрлігі қызметін құқықтық қамтамасыз мониторингісін жүргізу ұсынылсын.

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне бір ай мерзімде Қазақстан аумағында ірі габаритті жүкті тасымалдау ісін келісу құқығын аумақтық облыстық ішкі істер департаменттеріне беру мүмкіндігі мәселесін қарау ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бір ай мерзімде Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті қызметтері санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жасауына және қауіпті жүкті тасымалдау барысында көлік құралын пайдалану келісуіне қойылған құқықтық шектеулерді жою ұсынылсын.

11. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ұсынылсын:

1) заңда белгіленген мерзімде Есеп комитетінің келесі фактілер бойынша материалдарына процессуалды баға беру:

«Алматыжер» РМК-ның жергілікті атқарушы органдардың тиісті шешімдерінсіз жер телімі бар жылжымайтын мүлікті сатып алуы;

бағалау қызметі саласындағы заңнама талаптарын бұза отырып, мемлекеттік қажеттіліктер үшін «Мұқият» ЖШС және «Dinex» ЖШС жүргізіген, нәтижесінде мемлекетке залал келген жер телімдерін бағалау;

«Спутник Казахстана» МКО» ЖШС меншігіне аумағы 10,45 га жер телімін 14,3 млн. теңгеге сату және кейін осы жерді мемлекеттік қажеттілік үшін 426,0 млн. теңгеге сатып алу;

Жол бойында қызмет көрсету объектілерін уақытша жайғастыру үшін Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдарына берілген он жер телімін жеке меншікке беру және кейін оларды республикалық бюджеттің есебінен 77,2 млн. теңгеге сатып алу;

автожол құрылысы бойынша жобалық жұмыстар жүргізіліп жатқан жер телімдерін Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің жеке меншікке беруі;

2) Шығыс Қазақстан облысында автомобиль жолдары құрылысына жарияланған тендердің нәтижелері бойынша жүргізілген журналистік тергеудің материалдарына құқықтық баға беру.

12. «Нұр Отан» ХДП филиалдарына бағынышты қызметкерлері жемқорлық қылмыстарға жол берген партия мүшелері – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының партиялық жауапкершілігін қарастыру ұсынылсын.

13. «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысының материалдары Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдансын.

Төраға



О. Әбдікәрімов